

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 2 наурыздағы № 23 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 наурызда № 22321 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 100 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.09.2023 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды (валюталар бөлігінде) бөлу туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес жалпы пайыздық тәуекелді (валюталар бөлігінде) есептеудің талдамасы туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтерінің талдамасы туралы есебінің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есебінің нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) әр апта сайын - осы қаулының 1-тармағы 13) тармақшасында көзделген есептілікті есепті аптадан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Күнтізбелік ай өткен кезде есепті аптада осы қаулының 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген есептілік өткен күнтізбелік айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей өткен күнтізбелік айға қатысты есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін және ағымдағы күнтізбелік айға қатысты есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін бөлек ұсынылады;

2) ай сайын - осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде;

3) ай сайын - осы қаулының 1-тармағының 18) және 19) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмеген мерзімде ұсынады.

Осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) және 19) тармақшаларында көзделген, қорытынды айналымдар ескерілген желтоқсан айының есептерін (оның ішінде қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей ұсынады

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 79 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қаржы нарығының статистикасы департаменті (Боранбаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындаулы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетовке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 2 наурыздағы
№ 23 Қаулыға
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде
Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының)
пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілігінің тізбесі**

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есептілігінде мыналар қамтылады:

- 1) пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есеп;
- 2) кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп;
- 3) кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп;
- 4) кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есеп;

5) айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есеп;

6) уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды бөлу (валюталар бөлігінде) туралы есеп;

7) жалпы пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есеп;

8) бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есеп;

9) k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есеп;

10) k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есеп;

11) k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есеп;

12) аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есеп;

13) ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есеп;

14) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есеп;

15) Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп;

16) Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелерінің талдамасы туралы есеп;

17) өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есеп;

18) тұрақты қорландыру неттосы коэффициентінің талдамасы туралы есеп.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 2 наурыздағы
№ 23 қаулысына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 79 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-BVU_Prud_norm

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

пруденциялық нормативтер туралы мәліметтер бөлігінде – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

қорытынды айналымдар ескерілген желтоқсан айының есебі (оның ішінде қорытынды айналымдар болмаған кезде) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей

БСН: _____

Жинау әдісі: электронды түрде

(мың теңгемен)

№	Атауы		Сомасы
1	2		3
1	Резерв ретінде қабылданатын активтердің ең аз мөлшері		
2	Резерв ретінде қосындысы ретінде қабылданатын активтер:		
3	Бас офистің шоттары		
4	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкi филиалының) өткен жылдардағы қызметінің нәтижелері (таза кіріс)		
	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының (оның		

5	ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) ағымдағы жылғы қызметінің нәтижелері (таза кіріс)		
6	Қайта бағалау резервтері:		
7	негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервтері және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері		
8	басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтері		
9	Резерв ретінде қабылданатын активтер, олардан мыналар шегеріледі:		
9.1	гудвилді қосқанда, материалдық емес активтер		
9.2	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) өткен жылдардағы қызметінің нәтижелері (таза шығыс)		
9.3	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) ағымдағы жылғы қызметінің нәтижелері (таза шығыс)		
	кейінге қалдырылған салық міндеттемелері (шегерілетін уақыт		

9.4	айырмашылықтарына қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда)		
9.5	басқа қайта бағалау бойынша резервтер		
9.6	міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құны өзгеруінен кіріс немесе шығын		
9.7	егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банкiнiң филиалы (оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы) орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерiнiң) 10 (он) пайызынан кем иеленетiн қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына Қазақстан Республикасының бейрезидентi-банкi филиалының (оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкi филиалының) инвестициялары осы кестенiң 9.1, 9.2, 9.3, 9.4, 9.5 және 9.6-жолдарында көрсетiлген реттеушiлiк түзетулер қолданылғаннан кейiн Қазақстан Республикасының бейрезидентi-банкi филиалының (оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкi филиалының) резервi ретiнде қабылданатын активтердiң жиынында 10 (он) пайызынан		

	асатын болса, резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жататын асып кету сомасы		
9.8	егер Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы (оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы) орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерiнiң) 10 (он) және одан астам пайызын иеленетiн қаржы ұйымының жай акцияларына Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалының (оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкi филиалының) инвестициялары осы кестенiң 9.1, 9.2, 9.3, 9.4, 9.5, 9.6 және 9.7-жолдарында көрсетiлген реттеушiлiк түзетулердi қолданғаннан кейiн резерв ретiнде қабылданатын активтердiң жиынында 10 (он) пайызынан асатын болса, резерв ретiнде қабылданатын активтерден шегеруге жататын асып кету сомасы		
	егер шегерiлетiн уақыт қатынасына қатысты танылған, кейiнге қалдырылған салық мiндеттемелерiнiң сомасына тепе-тең негiзде төмендетiлген кейiнге қалдырылған салық активтерiнiң бiр бөлiгi (гудвилдi қоса алғанда, материалдық		

9.9	емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін (қоспағанда) осы кестенің 9.1, 9.2, 9.3, 9.4, 9.5, 9.6 және 9.7-жолдарында көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін резерв ретінде қабылданатын активтердің 10 (он) пайызынан асатын болса, резерв ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге жататын асып кету сомасы		
9.10	егер Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан астам пайызын және шегерілетін уақыт қатынасына қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активтерінің бір бөлігін (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін (қоспағанда) иеленетін қаржы ұйымының жай акцияларына Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының инвестициялары осы кестенің 9.1, 9.2, 9.3, 9.4, 9.5 және 9.6-жолдарында көрсетілген реттеушілік		

	түзетулер қолданылғаннан кейін резерві ретінде қабылданатын активтерінің қатынасынан жиынында 17,65 (он жеті бүтін жүзден алпыс бес) пайызынан асатын болса, резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жататын асып кету сомасы және осы кестенің 9.7, 9.8 және 9.9-жолдарында көрсетілген резерві ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге жататын сомадан төмендетілген осы кестенің 9.7, 9.8 және 9.9-жолдарында көрсетілген резерві ретінде қабылданатын активтерден шегерілуге жататын сома		
9.11	резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы (оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы) шығарылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерiнiң) 10 (он) және одан астам пайызын иеленетiн қаржы ұйымдарының мерзiмсiз қаржы құралдарына Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының (оның iшiнде Қазақстан Республикасының		

	бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары		
9.12	резерв ретінде қабылданатын активтерден шегеруге жататын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы) заңды тұлға шығарған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан астам пайызын иеленетін қаржы ұйымдарының реттелген борышына Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының) инвестициялары		
10	Реттеуіш буферді есептеу кезінде есепке алынатын Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және		

	сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме) 6-параграфына сәйкес оң айырма		
11	k1 резерві ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілігі коэффициенті		
12	Қазақстан Республикасының резидент банкіне кірісті жіберу бөлігінде шектеу қойылатын бейрезидент-банк филиалының қызмет нәтижелері		
13	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтер жиыны		
14	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелер жиыны		
15	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдарының жиыны		
16	Арнайы пайыздық тәуекел		
17	Жалпы пайыздық тәуекел		
18	Сыйақы мөлшерлемесі өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны		
19	Арнайы тәуекел		
20	Жалпы тәуекел		
21	Базалық активі акциялар немесе акциялардың индексі болып табылатын акциялардың нарықтық құныны және туынды қаржы құралдарының нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны		
	Шетел валюталарының айырбастау бағамы (		

22	бағалы металдардың нарықтық құны) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны		
23	Акциялардың нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны (сату мақсатында иеленген исламдық бағалы қағаздарды қоса алғанда)		
24	Нарықтық құны өзгеруіне байланысты тауар-материалдық қорлар бойынша тәуекел жиыны		
25	Нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасы		
26	Нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасының айырмасы		
27	Ашық валюталық позициялар сомасы		
28	Нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер және шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер		
29	Жалпы жылдық кірістің орташа шамасы		
30	Операциялық тәуекел		
31	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен ерекше катынастармен байланысты емес бiр қарыз алушының немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң		

	филиалы алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша жиынтық берешегі		
32	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен айрықша қатынастармен байланысты емес бiр қарыз алушыға келетiн тәуекелдiң ең жоғары мөлшерiнiң коэффициентi – k3		
33	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен айрықша қатынастармен байланысты бiр қарыз алушының немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы алдындағы мiндеттемелерiнiң кез келген түрi бойынша жиынтық берешегi		
34	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен айрықша қатынастармен байланысты бiр қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) келетiн тәуекелдiң ең жоғары мөлшерiнiң коэффициентi – k3-1		
35	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалымен айрықша қатынастармен байланысты барлық қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасы		
	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң		

36	филиалымен айрықша қатынастармен байланысты қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасының коэффициенті		
37	Бір қарыз алушыға немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобына қатысты Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезиденттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің бір тармағынан төмен болмайтын Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің рейтингі немесе Фитч (Fitch) немесе Мудис Инвесторс Сервис (Moody's Investors Service) агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттеріне және Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезиденттерге қойылатын талаптарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында тиiстi қарыз алушылардың мiндеттемелерi бойынша ағымдағы және кейiнгi екi ай iшiнде қарыз		

	алушыға талаптары туындауы мүмкін, үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы алдындағы не қарыз алушы үшін бланктік қарыздардың, қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелердің, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері міндеттемелерінің ең жоғарғы сомасы		
38	Бланктік кредиттің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті		
39	Әрқайсысының мөлшері Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының резерві ретінде қабылданатын активтердің 10 (он) пайызынан асатын, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті		
40	Әрқайсысының мөлшері резерв ретінде қабылданатын активтердің 10 (он) пайызынан асатын, бір қарыз алушыға келетін тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті		
41	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының міндеттемелері бойынша тәуекел сомасы		
42	"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының міндеттемелері бойынша		

	тәуекел мөлшерінің коэффициенті		
43	Өтімділігі жоғары активтер		
44	Талап етілгенге дейінгі міндеттемелер		
45	k4 ағымдағы өтімділік коэффициенті		
46	өтеуге дейін қалған күнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін қоса алғанда мерзімі бар мерзімді міндеттемелер		
47	k4-1 өтімділік коэффициенті		
48	Өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтеуге дейін қалған бір айға дейін қоса алғанда мерзімі бар өтімді активтер		
49	Өтеуге дейін қалған 1 (бір) айға дейін қоса алғанда мерзімі бар мерзімді міндеттемелер		
50	k4-2 мерзімді өтімділік коэффициенті		
51	Өтімділігі жоғары активтерді қоса алғанда, өтеуге дейін қалған үш айға дейін қоса алғанда мерзімі бар өтімді активтер		
52	Өтеуге дейін қалған үш айға дейін қоса алғанда мерзімі бар мерзімді міндеттемелер		
53	k4-3 өтімділік коэффициенті		
54	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:		
	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің		

54.1	осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
54.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
54.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
54.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
55	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер		
55.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
55.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік		

	бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
55.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
55.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
56	k4-4 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті:		
56.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
56.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
56.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
56.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
57	k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:		
57.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "		

	Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
57.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
57.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
57.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
58	90 (тоқсан) пайызға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер		
58.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
58.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік		

	бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
58.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
58.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
59	k4-5 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті:		
59.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
59.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
59.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
59.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
60	k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған активтер:		
60.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "		

	Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
60.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
60.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
60.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
61	80 (сексен) пайызға тең конверсия коэффициентіне көбейтілген k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициентін есептеуге арналған міндеттемелер		
61.1	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
61.2	Стандарт энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік		

	бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
61.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
61.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
62	k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті:		
62.1	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валюталары және "Еуро" валютасы бойынша (жиынында валюталардың осы тобы бойынша соманы (коэффициентті) көрсете отырып)		
62.2	Стэндард энд Пурс (Standard & Poor's) агенттігінің "А"-дан төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің шетел валюталары бойынша		
62.3	(валюта түрі көрсетіледі)		
62.4	(валюта түрі көрсетіледі)		
63	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында есептi кезең iшiнде кредиторлар алдында мерзiмi өткен мiндеттемелерi болуы (Иә (Жоқ))		
	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалында уәкiлеттi орган мақұлдаған iс-шаралар жоспарын		

64	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы уақтылы орындамау фактiсi болуы (Иә (Жок))		
65	Қазақстан Республикасының бейрезиденттерi алдындағы қысқа мерзiмдi мiндеттемелер		
66	Қазақстан Республикасының бейрезиденттерi алдындағы қысқа мерзiмдi мiндеттемелердiң ең жоғары лимитiнiң коэффициентi k7		
67	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебiнен қаржыландырылатын активтер		
68	Қаражаттың бiр бөлiгiн iшкi активтерге орналастыру коэффициентi		

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есеп (индексі – 1-BVU_Prud_norm, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Пруденциялық нормативтерді орындау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) Нысанды әр айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысына (бұдан әрі – № 23 қаулы) сәйкес толтырылады.

5. 1-жол № 23 қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесінің 2-тарауына сәйкес толтырылады.

6. 13-жол кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

7. 14-жол кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

8. 15-жол кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

9. 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42 және 43-жолдар бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады (қарыз алушылар бөлінісінде).

10. 43, 44 және 45-жолдар k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

11. 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52 және 53-жолдар k4-1, k4-2, k4-3.6 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

12. 54, 54.1, 54.2, 54.3, 54.4, 55, 55.1, 55.2, 55.3, 55.4, 56, 56.1, 56.2, 56.3, 56.4, 57, 57.1, 57.2, 57.3, 57.4, 58, 58.1, 58.2, 58.3, 58.4, 59, 59.1, 59.2, 59.3, 59.4, 60, 60.1, 60.2, 60.3, 60.4, 61, 61.1, 61.2, 61.3, 61.4, 62, 62.1, 62.2, 62.3 және 62.4-жолдар k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

13. 65 және 66-жолдар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарын капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады

14. 23, 24 және 69-жолдарды бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары ғана толтырады.

15. 68-жол ішкі активтердің, ішкі және өзге міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есептің деректеріне сәйкес толтырылады.

16. Коэффициенттер үтірден кейін үш таңбамен көрсетіледі.

17. 1-кестенің 36, 38, 40 және 42-жолдарын толтыру үшін мынадай қысқартулар пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалымен ерекше қатынастармен байланысты қарыз алушылар бойынша тәуекелдер сомасының коэффициенті – Ро;

бланктік кредиттің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті – Бк;

әрқайсысының мөлшері резерв ретінде қабылданатын активтердің 10 (он) пайызынан асатын, бір қарыз алушыға тәуекелдердің жиынтық сомасының коэффициенті – ҚР;

Қазақстанның Даму Банкінің міндеттемелері бойынша тәуекел мөлшерінің коэффициенті – Рбрк;

18. Деректер болмаған кезде Нысан ұсынылмайды.

Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 2 наурыздағы
№ 23 қаулысына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
24.12.2024 № 79 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған
активтердің талдамасы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-
BVU_RA

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын
тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің
филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну
мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей

қорытынды айналымдар ескерілген желтоқсан айының есебі (оның ішінде
қорытынды айналымдар болмаған кезде) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі
жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей

БСН: _____

Жинау әдісі: электронды түрде

(мың теңгемен)

№	Топтың түрі	Баптардың атауы	Сомасы	Тәуекел дәрежесі пайызбен	Есептеуге арналған сома
1	2	3	4	5	6
1.	Т о п анықтамалығы	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға жататын активтің түрі (анықтамалық)			
		Тәуекелді активтер жиыны:		X	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Кредиттік тәуекел ескеріле
отырып сараланған активтердің
талдамасы туралы есеп"
әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп (индексі – 2-BVU_RA, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары Нысанды әр айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық

нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысына (бұдан әрі – № 23 нормативтер) сәйкес толтырылады.

5. 2-бағанда мәндер Нысан ұсынылатын ақпараттық жүйеде орналастырылған "Топ анықтамалығы" анықтамалығынан топ түрінен таңдап алынады.

6. 3-бағанда мәндер Нысан ұсынылатын ақпараттық жүйеде орналастырылған "Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға жататын активтің түрі" анықтамалығынан таңдап алынады.

7. 4-бағанда кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға жататын активтердің сомасы көрсетіледі.

8. 5-бағанда № 23 нормативтерде белгіленген активтердің әрбір тобы үшін пайызбен тәуекел дәрежесі көрсетіледі. Пайызбен тәуекел дәрежесінің мәндері Нысан ұсынылатын ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардан таңдап алынады.

9. 6-бағанда пайызбен тәуекел дәрежесіне (4-баған) көбейтілген, 3-бағанда көрсетілген активтердің сомасы көрсетіледі.

10. Деректер болмаған кезде Нысан ұсынылмайды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 2 наурыздағы
№ 23 қаулысына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 79 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 2-BVU_RUIVO

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей

қорытынды айналымдар ескерілген желтоқсан айының есебі (оның ішінде қорытынды айналымдар болмаған кезде) – аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей

БСН: _____

Жинау әдісі: электронды түрде

(мың теңгемен)

№	Топтың түрі	Баптардың атауы	Сомасы	Конверсия коэффициенті пайызбен	Кредиттік тәуекел коэффициенті	Есептеуге арналған сома
1	2	3	4	5	6	7
1.	Т о п анықтамалығы	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға жататын шартты және ықтимал міндеттемелердің түрі (анықтамалық)				
		Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған шартты міндеттемелердің жиыны			X	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді

өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Кредиттік тәуекел ескеріле
отырып сараланған шартты және
ықтимал міндеттемелердің
талдамасы туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп (индексі – 1-BVU_ RUIVO, кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары Нысанды әр айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысан Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22213 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары (оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары) үшін пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 23 қаулысына (бұдан әрі – № 23 нормативтер) сәйкес толтырылады.

5. 2-бағанда мәндер Нысан ұсынылатын ақпараттық жүйеде орналастырылған "Топ анықтамалығы" анықтамалығынан топ түрінен тандап алынады.

6. 3-бағанда мәндер Нысан ұсынылатын ақпараттық жүйеде орналастырылған "Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің түрі" анықтамалығынан таңдап алынады.

7. 4-бағанда кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға жататын шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасы көрсетіледі.

8. 5 және 6-бағандарда № 23 нормативтердің 2-тарауына сәйкес міндеттемелердің әрбір тобы үшін пайызбен конверсия коэффициенті және кредиттік тәуекел коэффициенті көрсетіледі. Мәндер Нысан ұсынылатын ақпараттық жүйеде орналастырылған анықтамалықтардан таңдап алынады.

9. 7-бағанда пайызбен конверсия коэффициентінің мәніне (4-баған) және пайызбен кредиттік тәуекел коэффициентінің мәніне (5-баған) көбейтілген, 3-бағанда көрсетілген шартты және ықтимал міндеттемелер бойынша сома көрсетіледі.

10. Деректер болмаған кезде Нысан ұсынылмайды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2021 жылғы 2 наурыздағы
№ 23 қаулысына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 79 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-BVU_RPFI

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары

